

Қарақия



№1 (1234) 9 қаңтар 2024 жыл Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады

www.mangystaumedya.kz

газет 1985 жылдың
1 шілдесінен шыға бастады

Еңбек адамы

«ҚҰРМЕТ ОРДЕНІМЕН» МАРАПАТТАЛДЫ

Облыс әкімі Нұрдаулет Қылыбай ҚР мемлекеттік наградасын табыстады.

Салтанатты шарада Қарақия ауданының азаматы Тасмағамбетов Аманжол ҚР мемлекеттік наградасы «Құрмет орденімен» марапатталды.

Тасмағамбетов Аманжол Ахайұлы - 1950 жылы 11 қараша күні Маңғыстау облысы, Форт-Шевченко қаласы, Сығынды ауылында дүниеге келген.

-1973 жылы Орал қаласындағы ауыл шаруашылық институтының ғалым-зоотехник факультетін бітіріп қазан айында Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы Ералиев совхозында бас селекционер болып 1985 жылға дейін қызмет атқарған.

-1985-1992 жылы Қарақия ауданының партком хатшысы болып қызмет атқарған.

-1992-2008 жылдары бостан селолық әкімі қызметін атқарған.

-2008 жылдан осы күнге дейін «Сенек» ЖШС-де бас маман қызметін атқарып келеді.

Маңғыстау облысының ауыл шаруашылығын дамытуға үлес қосқан үшін «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің «Құрмет Грамотасымен Алғыс хатымен марапатталған».



Жаңа жыл мерекесі қарсаңында Қарақия ауданының әкімі Сымбат Төретаев, аудандық мәслихат төрағасы және ауыл әкімдері Ақтау қаласындағы балалар үйіне барып, ондағы балақайларға қуаныш сыйлады.

БАЛАЛАРҒА ТАРТУ: БІР СӘТ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА КЕЗЕК БЕРДІ

Бір сәт бүлдіршіндерге көңіл бөліп, тәттілер мен жеміс-жидектер және қажетті техника сыйлап, балалар үйінде тәрбиеленушілердің өнерлерін тамашалап, керемет көңіл-күй сыйлады.

- Құрметті балақайлар! Сіздерді келіп жеткен жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын. Арман, мақсатқа жету жолында қанаттарыңыз талмасын. Оқуда озат болып, ел сенімін ақтар үлкен азамат болыңыздар. Тәрбиеші ұстаздарымыз, сіздерге алғыс айтар саналы ұрпақ болсын. Болашақта егеменді еліміздің керемет тұлғасы болуларыңызға

тілектеспін! – деді аудан әкімі Сымбат Төретаев.

Аудан басшысы әр балаға жылы жүзді мейірімін көрсетіп, тәрбиелеп отырған ұжымның басшылығына және қызметкерлеріне алғысын білдіріп, балалар ойын алаңына келер жылы төсеніш төсеп беруге уәде етті.

Айта кетейік, осыған дейінде шілде айындағы кездесу барысында айтылған сыртқы алаңшаға қажетті доға (арка) жасалынып, қазіргі таңда абаттандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Үздіктерге құрмет

ЖАСТАР ПРЕМИЯСЫ

Аудан әкімі Сымбат Қуанышұлының қатысуымен Құрық ауылында «Жыл үздігі - 2024» атты жастар премиясы өтті.

Аталмыш шараға аудандық мәслихат төрағасы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, аудан әкімінің орынбасарлары, бөлім басшылары, БАҚ өкілдері және ауданның үздік жастары қатысты.

- Құрметті қонақтар! Құрметті жастар! Біздің атқарған жұмысымыздан атқарар жұмысымыз көп. Сондықтан «Жас келсе іске» демекші, Тәуелсіз еліміздің гүлденіп, қарыштап дами түсуі үшін сіздердің тың идеяларың, орнықты пікірлерің, алғыр шешімдерің мен шынайы тазалықтарың керек. Сіздер мен біздер отаншылдық сезіммен, жалынды жігермен туған елімізге қызмет етейік! Біз жастардың жалынды жігерімен болашақтың іргетасын бірге қалауға, қолдау көрсетуге әрқашан дайынбыз. Барша жас буынды бүгінгі дәрежелі марапаттарымен құттықтай келе, аудан басшылығы ретінде ауыл жастарын қолдауға әрқашан дайын екенімді айтқым келеді. Мереке құтты болсын! – деді аудан басшысы Сымбат Қуанышұлы.

Жастар премиясында «Үздік жас мұғалім», «Үздік жас мемлекеттік қызметкер», «Үздік жас, медицина қызметкері», «Үздік белсенді жас», «Үздік жас өнерпаз», «Үздік жас кәсіпкер», «Үздік жас көшбасшы», «Үздік жас спортшы», «Үздік жас ерікті», «Үздік жас студент» номинациясы бойынша марапатталды.

- Баршаңызды келе жатырған жаңа жылыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Аталмыш шара ұйымдастырушыларына алғысым шексіз. Жастарды қолдап, мотивация болу үшін, қуанту үшін дәл осындай шара тек аудан көлемінде емес, облыс көлемінде ұйымдастырылса нұр үстіне нұр болар еді. Барша марапат алушыларды құттықтаймын! – деді премияға қатысушы Анар Тоқбаева.

Кеш барысы аудан әкімінің жастармен бірге маңызды тақырыпта диалог негізінде өріп, жастар тарапынан керемет, нақты идеялар айтылып, жадыраңқы көңіл күй негізінде жалғасты.



Мерекелік шара



ПРЕЗИДЕНТ ШЫРШАСЫ ТОЙЛАНДЫ

Жаңа жылдық кеште ең алдымен аудан басшысы Сымбат Қуанышұлы оқушыларды құттықтап, Президент шыршасын бірге тойлады.

- Бұл ерекше күн – балалардың армандары орындалып, шексіз қуаныш пен мейірімділік салтанат құратын уақыт. Бүгінгі шара еліміздің ертеңі қалыптастыратын жас ұрпаққа ерекше көңіл бөлетініміздің айқын көрінісі. Сіздер – біздің болашағымыз, еліміздің тірегі, үміті мен мақтанышысыздар. Еліміздің президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қамқорлығының

арқасында сіздердің білім алуға, дамуға және өз таланттарыңызды көрсетуге барлық мүмкіндіктеріңіз бар. Біз сіздердің жарқын болашақтарыңыз үшін бар күшімізді саламыз. Жаңа жыл – бұл жаңару мен жарқын үміттер мерекесі. Сіздерге жаңа жылыңызда үлкен жетістіктер мен шексіз бақыт, ал ата-аналарыңызға, ұстаздарыңызға амандық пен табыс тілеймін! Шыршаның шамдары жарқырап, әрбір отбасында бақыт пен бейбітшілік болсын! – деді аудан әкімі Сымбат Төретаев.

Жаңа жылдық шыршаға 23,7 млн. теңге қаржы жұмсалып, облыстық шыршаға 20, аудандық шыршаға 230 оқушы қатысып, әрбір балаға 120 мың теңге қаржылай сертификаттар мен сыйлықтар тарту етілді. Сонымен қатар, «Маңғыстау-МұнайГаз» мекемесі 90 оқушыға мерекелік көңіл күй мен тәттілер сыйлады. Балалардың сүйікті кейіпкерлері керемет көңіл-күй сыйлап, түрлі қызықты ойындар ойнатылып, кеш сәні Аяз Ата мен Ақшақар бірге оқушылар жаңа жыл жылын қарсы алды.

Тұрғын үй

ЖАҢА ЖЫЛДА – ЖАҢА БАСПАНА!

Жақында аудан әкімі Сымбат Қуанышұлы Мұнайшы ауылында көпбалалы және әлеуметтік тұрғыдан осал топтарға арналған 12 тұрғын үйді салтанатты түрде табыстады.



Рәсімге аудандық қоғамдық кеңес төрағасы, «Аманат» партиясының төрағасы, Мұнайшы ауылының ардагерлер кеңесінің төрағасы, аудан әкімінің орынбасарлары және ауыл тұрғындары қатысты.

- Бүгінгі күн – біздің ауданымыз үшін ерекше. Бұл тұрғын үйлер халықтың әл-ауқатын арттыруға, олардың тұрмыс сапасын жақсартуға арналған нақты қадамдардың бір көрінісі. Әлеуметтік тұрғыдан мұқтаж азаматтарды қолдау – біздің басты міндетіміз. Жаңа жылдың қарсаңында ұйымдастырылған аталмыш шара баршамызға бақытты, есте қаларлық сәт болғаны анық. Баспаналарыңыз құтты, жайлы болсын! – деді аудан әкімі Сымбат Төретаев.

Айта кетейік, 2024 жылы жергілікті бюджеттен 675 млн. теңге бөлініп, аудан көлемінде 44 баспана сатып алынды. Осыған дейін, Құрық ауылында 8 отбасына үй табыстау рәсімі өткізілді.

- Толқып тұрмын. Көптен күткен қуанышты сәт жаңа жылмен тұспа-тұс келіп жатқаны тағы бір мейрам. Алғысым шексіз, аудан азаматтарына рахметімді айтамын. Жаңа жыл құтты болсын! – деді Мұнайшы ауылының тұрғыны Гүлшат Абиева.



Сонымен қатар, ағымдағы жылы мұқтаж жандарға демеушілік арқылы 4 баспана, «Бақытты жаңа» бағдарламасы аясында 7 тұрғынға 6 млн. теңге табысталды.

Бетті дайындаған Г.БӨЛЕКБАЕВА.



Елгік пен ерлік

Ұшақ апаты кезінде көмек көрсеткен азаматтар мемлекеттік наградалармен марапатталды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жарлығымен Ақтауда әуе апаты кезінде көмек қолын созған азаматтар мемлекеттік наградаларға ие болды.

Президент «Ана тілі» басылымына берген сұхбатында Ақтаудағы ұшақ апаты кезінде зардап шеккен азаматтарды құтқарып, көмек көрсеткен азаматтардың жанқиярлық әрекеттерін айырықша атап өтті.

«Құтқарушылар, дәрігерлер мен тәртіп сақшылары шұғыл әрі үйлесімді әрекет етті, кәсіби деңгейі мен азаматтық жауапкершілігі жоғары екенін көрсетті. Жақын жердегі Маңғыстау өңірлік электр торабы компаниясының жұмысшылары бірден көмекке келді. Төңіректегі тұрғындар да зардап шеккендерді құтқаруға атсалысты. Азаматтарымыздың жанқиярлығы арқасында барынша көбірек адамның өмірін сақтап қалдық. Мен құтқару жұмыстарына қатысқан әрбір адамға шын көңілден ризашылығымды білдіремін. Қазақ халқының апаттан зардап шеккендерге жанашырлығы мен тілеуестігі азаматтарымыздың жаппай қан тапсыруға асыққанынан да айқын байқалды», – деді Мемлекет басшысы.

5 қаңтар күні Маңғыстау облысының әкімі Нұрдаулет Құлыбай Президент тапсырмасына сәйкес Ақтауда әзірбайжандық «Azerbaijan Airlines» ұшағы апатқа ұшыраған кезде батылдық, кәсібилік пен жауапкершілік танытқан бір топ

азаматтарды мемлекеттік наградалармен марапаттап, Президенттің Алғыс хатын табыстады.

Салтанатты шара барысында Бауыржан Момышұлы атындағы II дәрежелі «Айбын» орденімен «ҚР Ішкі істер министрлігі Маңғыстау облысының полиция департаменті» ММ маманы-криминалисі Айбек Әлібаев марапатталды.

Рахымжан Қошқарбаев атындағы III дәрежелі «Айбын» орденімен Маңғыстау облысы төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі № 12 өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндірушісі-құтқарушысы Олжас Байтөре, Қорғаныс министрлігі 30153 әскери бөлімі алыс радиомаркерлік пунктін бөлімше бастығы Нұрлан Ботағарин, Маңғыстау облысының төтенше жағдайлар департаменті Басқұдық ауылы № 12 өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі Серіболат Оңғар, Маңғыстау облысы төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің аға өрт сөндіруші-құтқарушысы Мәрлен Сәркенов марапатталды.

«Құрмет» ордені «Ақтау халықаралық әуежайы» АҚ медициналық пунктін меңгерушісі Ирина Кочергинаға, «Маңғыстау облыстық көпбейінді ауруханасы» МКК орталығының меңгерушісі Бақытжан Қойбековке табысталды.

«Ерлігі үшін» медалімен «Апаттар медицинасы орталығы» ММ Маңғыстау облысы



бойынша филиалының көлік жүргізушісі-санитары Қожабек Аллаберенов, Маңғыстау облысы Төтенше жағдайлар департаментінің «Жедел құтқару жасағы» РММ құтқарушысы Манас Бағытов, «Қазавиақұтқару» АҚ әуе кемесінің екінші пилоты Естемес Әлішер, «Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем стансасы» МКК фельдшері Тимур Қисаев, «Қазавиақұтқару» АҚ әуе кемесінің командирі Асхат Құдабаев, «Апаттар медицинасы орталығы» ММ Маңғыстау облысы бойынша филиалының фельдшері Заманбек Құбайдуллаев, «ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің Апаттар медицинасы орталығы (Астана қаласы)» ММ Маңғыстау облысы бойынша филиалының дәрігері Оспан Оразбеков, «Қазавиақұтқару» РММ Ақтау филиалы «Вышка» диспетчерлік пунктін диспетчері Ярослав Толстиков, «Маңғыстау өңірлік электр-торалық компаниясы» АҚ Ақтау электр желілер



ауданының шебері Нұралы Шопанов марапатталды.

«Ерен еңбегі үшін» медалімен «Апаттар медицинасы орталығы» ММ Маңғыстау облысы бойынша филиалының психологі Есен Жан, «Ақтау халықаралық әуежайы» АҚ қызмет бастығының орынбасары Бекболат Жұмағұлов, «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» РМҚК

Маңғыстау облысы бойынша филиалының маманы Эльдар Оразалиев марапатталды. Сонымен қатар 51 адамға Президенттің Алғысы табысталды.

Облыс әкімі Нұрдаулет Құлыбай қиын сәтте жедел көмекке келіп, жәрдемдескен жандарға алғысын білдірді.

– Сын сағатта жедел әрекет етіп, өзгелердің өмірін құтқаруда асқан батылдық пен адамгершілік таныттыңыздар.



Аудан жаңалығы

Қарақия ауданына қарасты Аппақ елді мекенінде фельдшерлік-акушерлік пункт пайдалануға берілді. Аталған ФАП пунктін жергілікті тұрғындардың денсаулығын сақтау және медициналық қызметтің қолжетімділігін арттыру мақсатында ашылды. Ақ халаттылар Аппақ ауылын қамтитын 700 адамға сапалы медициналық қызмет көрсетеді. Фельдшерлік-акушерлік пункт 2024 жылдың мамыр айында басталған болатын. Ғимараттың жалпы ауданы – 1460 шаршы метр.



Фельдшерлік-акушерлік пункт ашылды

Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Тілеген Әбішев құрылысы аяқталып, ел игілігіне берілген медициналық ғимараттың жұмысына сәттілік тіледі.

Мұнда тек шұғыл көмек көрсетіп қана қоймай, жүкті әйелдердің жағдайын бақылайды. Тұрғындарға медициналық кеңес беріп, балаларға және созылмалы сырқаты бар науқастарға тексерулер жүргізеді. Вакциналау және аурудың алдын алу шараларын ұйымдастырады.

Сонымен қатар медициналық зерттеулер қан, несеп және басқа да талдауларды қабылдау қызметі де жұмыс істейді. Медициналық нысан физиотерапия, зарарсыздандыру, қақырықты алу, емшара, акушерлік пункт, егу сынды бірнеше кабинеттермен жабдықталған.

Аппақ елді мекеніндегі жаңа медициналық нысан тұрғындардың денсаулығын жақсарту, уақытылы көмек көрсету және алдын алу шараларын жүзеге асыру бойынша маңызды рөл атқармақ.

Айта кетейік, жыл соңына дейін Маңғыстау ауданына қарасты Қосбұлақ ауылында дәрігерлік амбулатория нысаны мен Бейнеу ауданына қарасты Тәжен ауылында медициналық пункт ғимараты қолданысқа берілетін болады.



Спорт

Чемпионға құрмет көрсетті

Жақында аудан әкімі Сымбат Қуанышұлы жас спортшы, ҚР жасөспірімдер арасында бокстан 50 келі салмақта чемпионы Расул Халиф және бапкері Рысбек Дулатовты қабылдады.



Алдымен аудан басшысы жас спортшыны жетістігімен құттықтап, ауданның спорттық рейтингі жайлы сөз қозғады.

– Ауданның мәдениет және спорт саласын дамыту, таныту – жас өркен сіздердің қолдарыңызда. Не бәрі 15 жаста мынадай жетістікке жету үлкен бір бақыт. Бағың таймай, алар асуың көп болсын! Елдің, халықтың баласы, чемпионы бол! Жасөспірімдерді осындай жолда баулып, чемпион шығарып жүрген бапкер мырза – сіздің еңбегіңізде ұшан-теңіз. Осындай жоғары дәрежеде керемет бокс өнерін көрсету жас буын сіздерге бір мәртебе, жеңіс екені анық. Алдағы жылы сіздерге мол үміт артамыз! – деді аудан басшысы Сымбат Төребаев.

Жас спортшыға «Жыл жетістігі - 2024» номинациясы табысталып, бапкері Рысбек мырзаға аудан әкімінің «Алғыс хаты» және ақшалай сертификат, төтті сыйлықтар тарту етілді.

Бұл жетістік тек бір адамның ғана емес, команданың, шыдамдылықтың, өр мінезділіктің туындысы екенін атап өткен бапкер, аудан басшыларына осындай қолдау білдіріп, демеп жатқандарына өз алғысын айтты.

Бетті дайындаған Г. Бөлекбаева.

2025 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ЗЕЙНЕТАҚЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕРДІҢ, ЖӘРДЕМАҚЫЛАРДЫҢ МӨЛШЕРІН АРТТЫРУ ТУРАЛЫ

«2025 – 2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 4 желтоқсандағы № 141-VIII заңына сәйкес 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап:

Айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) – 3 932 теңге мөлшерінде;
Ең төменгі зейнетақы – 62 771 теңге;
Ең төменгі күнкөріс деңгейі (бұдан әрі – ЕТҚД) – 46 228 теңге;
Базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері – 32 360 теңге мөлшерінде белгіленді.

Жасына байланысты және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап алынатын мөлшерден 8,5% - га артады.

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап жасына байланысты жаңадан тағайындалған зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін ескерілетін ең жоғары табыс 55 АЕК-ні (216 260 теңге) құрайды.

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі – кодекс) 205-бабына сәйкес ЕТҚД-нің жаңа мөлшеріне пайыздық қатынаста белгіленеді.

Мәселен, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі он жыл және одан аз болғанда немесе болмағанда тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының 70 пайызы (65 пайыздың орнына) мөлшерінде, зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі он жылдан артық әрбір толық жыл үшін оның мөлшері 2 пайызға артырылады, бірақ ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының 110 пайызынан аспайтын мөлшерде беріледі.

Бұл жаңа тағайындалған зейнеткерлерге және 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнетке шыққандарға да қатысты.

Мүгедектігіне және асыраушысынан айырылу жағдайына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері, оның ішінде медициналық-әлеуметтік мекемелерде тұратын және түзеу мекемелерінде орналасқан адамдар үшін кодекстің 177 және 236-баптарында көзделген мөлшерде 2025 жылғы 1 қаңтарда ЕТҚД мөлшерінің ұлғаюына байланысты (46 228 теңге) жоғарылатылады.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбекке қабілеттілігінен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайлары бойынша тағайындалған әлеуметтік төлемдердің мөлшерлері «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін 2025 жылғы 1 қаңтарынан бастап арттыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 19 қарашадағы №970 қаулысына сәйкес 2025 жылғы 1 қаңтарынан бастап 6,5% артады.

Арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақының мөлшері 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап ЕТҚД мөлшерінің ұлғаюына байланысты (46 228 теңге) көтеріледі.

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап ЕТҚД мөлшерінің артуына байланысты мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы және

бірінші топ мүгедектігі бар адамға күтімді жүзеге асыратын адамға мемлекеттік жәрдемақы мөлшері көтеріледі.

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап АЕК мөлшерінің артуына байланысты келесі

жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдердің мөлшері артады:

№1 және №2 тізімдер бойынша мемлекеттік арнайы жәрдемақылар, жерлеуге біржолғы төлем, бала тууға байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақы, ай сайынғы бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты мемлекеттік жәрдемақы,

Кодекстің 190-бабының 3-тармағының 1)-17) тармақтарында қарастырылған арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар,

бірге тұратын төрт және одан көп көмелетке толмаған баласы, оның ішінде он сегіз жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар көпбалалы отбасыларға берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі – көпбалалы отбасыға берілетін жәрдемақы),

«Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған аналарға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы,

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардан зардап шеккен азаматтарға, жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарына және жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балаларына тағайындалған, бірақ төленбеген бірреттік ақшалай өтемақы.

Бала туылғанда берілетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері бірінші, екінші, үшінші балаға 149 416 (38*АЕК) теңге, ал төртінші және одан кейінгі балаларға 247 716 (63*АЕК) теңгеге дейін, сондай-ақ бала бір жарым жасқа толғанға дейін күтіміне байланысты берілетін ай сайынғы жәрдемақы мөлшері:

бірінші балаға-22 649 (5,76 АЕК) теңге;

екінші балаға- 26 777 (6,81 АЕК) теңге;

үшінші балаға- 30 867 (7,85 АЕК) теңге;

төртінші және одан кейінгі балаларға - 34 995 (8,90 АЕК) теңгені құрайтын болады.

Сондай-ақ, көпбалалы отбасыға төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақының мөлшеріне келетін болсақ:

төрт балаға – 63 030 (16,03 АЕК) теңге,

бес балаға – 78 798 (20,04 АЕК) теңге,

алты балаға – 94 565 (24,05 АЕК) теңге,

жеті балаға – 110 332(28,06 АЕК) теңге,

сегіз және одан көп балаға – әрбір балаға 4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

Наградталған анаға берілетін ай сайынғы жәрдемақы мөлшері:

«Күміс алқа» алқасымен наградталған аналарға – 25 165 (6,40 АЕК) теңге;

«Алтын алқа» алқасымен наградталған немесе бұрын «Батыр Ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған аналарға – 29 097 (7,40 АЕК) теңгені құрайды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет жүйесі соңғы жылдары терең өзгерістер мен жаңғырту процесінен өтті. Бұл өзгерістердің негізгі мақсаты – мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыру, ашықтықты қамтамасыз ету және халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту. Жаңа ережелер мен бағдарламалардың қабылдануы мемлекеттік қызметті барынша тиімді әрі қоғам үшін пайдалы етуге көмектеседі.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметке кіру тәртібіне енгізілген өзгерістер мемлекеттік қызмет жүйесін жаңғырту мен оның тиімділігін арттыру мақсатында жасалды, яғни, кандидаттарды қабылдау процесін ашық әрі әділ етуге бағытталды. Мемлекеттік қызметке кіру үшін бұрынғыдай ұзақ әрі күрделі рәсімдер емес, қазіргі уақытта тиімді әрі жеңілдетілген конкурс жүйесі енгізілді. Мемлекеттік қызметке қабылдау үдерісі көп жағдайда электронды форматта жүргізіледі, бұл үміткерлер үшін уақыт үнемдеуге және процесі қарапайым етуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызметке онлайн іріктеуді жүзеге асыратын «eQyzmet» сыртқы порталы. Құжаттар мен өтінімдерді онлайн түрде тапсыруға болады, бұл бюрократиялық кедергілерді азайтып, барлық үміткерлер үшін тең мүмкіндіктер туғызады. Үміткерлердің құжаттары бұрынғыдай қолмен өткізіліп, тексерілуі керек болатын, қазіргі таңда үміткерлер электронды үкімет порталын пайдаланып, өз құжаттарын онлайн режимде тапсыра алады. Бұл жүйе тек үміткерлер үшін ғана емес, мемлекеттік органдар үшін де тиімді, себебі процесс автоматтандырылып, қателіктер мен манипуляциялардың саны азаяды. Сонымен қатар, үміткерлердің құжаттары тексерілгеннен кейін оның нәтижелері де электронды түрде жарияланады, бұл конкурста қатысушылар үшін ашықтықты қамтамасыз етеді. Кандидаттардың тестілеуі мен сұхбаттары толық ашық түрде өтеді, ал қорытындылар мен нәтижелер үміткерлер мен жұртшылыққа жарияланады. Бұған

қоса, конкурстық комиссияның құрамында мемлекеттік орган өкілдерінен басқа да тәуелсіз сарапшылар болуы мүмкін. Бұл тәсіл үміткерлердің қабілеттерін әділ бағалауға көмектеседі. Сонымен қатар, тестілеу үдерісі жеңіл әрі ыңғайлы болатындай етіп жаңартылды, үміткерлер тестілеу (үміткерлер мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамаларын білуге тестілеуден өтеді) уақытын өздері таңдап үйден шықпай-ақ онлайн түрде тапсыра алады.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызметші болу үшін үміткерге қойылатын талаптар да күшейтілді. Мемлекеттік қызметте жұмыс істеу адамнан оны саналы тұрғыдан сезінуді, шын ынта-жігерін, ең бастысы – ниет тазалығын талап етеді. Ел игілігі үшін адал, риясыз қызмет ететін мемлекеттік қызметші нағыз азамат және Отанды сүюдің үлгісі болуға лайық. Ол саналы адам ретінде өз-өзіне «мен өз өмірімді, өзім өмір сүріп отырған қоғамды, мемлекетті жақсарту жолында не істедім?» деген сұрақ қояды. Мемлекеттік қызметшіге тұлғалық болмысын жетілдіру үшін өзін-өзі тану мәдениетін дамыту маңызды. Бұл жауапкершілікті арттыруға негіз болып, жақсы жаққа өзгеруіне жол ашады. Мемлекеттік қызметші өзінің кәсіби білімімен пайда келтірумен ғана шектелмей, сонымен қатар адамшылық тұрғыдан басқалар бой түзейтін үлгіге айнала білуі керек.

Мемлекеттік қызметші болу зор жауапкершілікті, абыройлы міндетті жүктейтіні сырт қараған адамға байқала бермейтіні рас. Халық арасында мемлекеттік қызметшілер туралы

дұрыс пікір, оң көзқарас, айқын сенімділік қалыптасуы қажет. Халыққа мемлекеттік қызмет көрсететін адамдардың адалдығы мен әділдігі өз жұмысына жауапкершілігі, қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуы – әрбір мемлекеттік қызметкердің міндеті болуы тиіс. Мұндай құрмет пен сенімге жету әрине оңай емес. Бұл үшін бір ғана кәсіби білімділік пен білгірлік аздық етеді. Одан бөлек, мемлекеттік қызметшінің жеке басының мінез-құлқы мәселесі тағы бар. Мемлекеттік қызметшінің кәсібилік деңгейі мен адамгершілік қасиеттері қатар тұруы шарт. Себебі әдепті мінез-құлқы мен кәсіби біліктілік қосылғанда ғана мемлекеттік қызметшінің оң имиджі қалыптасады (Сондықтан мемлекеттік қызметке кіруге арналған тестілеу бағдарламасына Қазақстан Республикасы Президентінің 29.12.2015 жылғы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің талаптарын білу енгізілген).

Демек, халықпен жұмыс істегендіктен мемлекеттік қызметші ең бірінші кезекте қарапайым да сыпайы, әрі кішіпейіл болу керек. Халықпен қарым-қатынас орнатуда мәдениет сақтай отырып, олардың өтінішін заң аясында жедел шешуге тырысуы қажет. Қорыта айтқанда, мемлекеттік қызметкер Әдеп кодексінің талаптарын сақтап, жауапкершілік жүгін сезініп, өзіндік міндеттемелерді адал орындауы тиіс.

Феруза ИСМАГУЛОВА,
Маңғыстау облысы әкімі аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі.

КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ

«Қарақия аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ (индексі 130300, Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Құрық ауылы, Досан батыр көшесі, 4-ғимарат, анықтама телефондары 8(72937) 2-12-67, электрондық мекен-жайы: karakiya_sobes@magangstau.gov.kz – Қарақия аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Отбасын қолдау орталығы») КММ директоры бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.

Қарақия аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Отбасын қолдау орталығы» КММ директоры, А1-3 снаты, 1-бірлік.

Лауазымдық жалақысы еңбек сіңірген жылдарына байланысты 174 762 теңгеден 220150 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері: Қарақия аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Отбасын қолдау орталығы» КММ бөлімінің құрылымдық бөлімшесінің (бұдан әрі-бөлімше) қызметіне басшылық жасайды және оның жұмысының нәтижелерін қамтамасыз етеді. Орталықтың перспективалық және ағымдағы жоспарларын әзірлеуді, өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларға, әлеуметтік осал халықтың қатарындағы адамдарға, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға, аз қамтылған отбасыларға әлеуметтік қолдауды іске асыру жөніндегі іс-шараларға ұсыныстар дайындауды ұйымдастырады және бақылайды. Өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларға, әлеуметтік осал тұрғындарға, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға, аз қамтылған отбасыларға кешенді консультациялық көмек көрсету жұмысын ұйымдастырады. Отбасы институтын нығайтуды жан-жақты қолдау бойынша іс-шаралар өткізу бойынша жұмысты ұйымдастырады, отбасымен жеке жұмыс жоспарын құру бойынша жұмыс бағыттарын белгілейді. Отбасыларға мемлекеттік қызметтер және әлеуметтік көмек алу мәселелері бойынша консультация беру жөніндегі жұмысты үйлестіреді, жан-жақты қолдау көрсету үшін тиісті мемлекеттік органдарға Жолдауды жүзеге асырады. Өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларға психологиялық қолдау, кеңес беру қызметтерін ұсынады. Өз ісін ашу, қаржылық сауаттылық мәселелері бойынша отбасыларға кеңес беруді және қолдауды жүзеге асырады. Қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасыларды, әлеуметтік осал тұрғындардан шыққан адамдарды, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды, аз қамтылған отбасыларды әлеуметтік қолдау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу жөніндегі жұмысты үйлестіреді және ұйымдастырады. Өмірлік қиын жағдайға тап болған әйелдер мен басқа да адамдардың, отбасылардың кәсіпкерлік бастамасын қалыптастыруға бағытталған оқыту бағдарламаларын, шеберлік сыныптарын, басқа да іс-шараларды ұйымдастырады. Қамқоршылық, бала құқықтарын сақтау мәселелері бойынша консультацияны үйлестіреді. Өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларға ерікті көмекті дамытады және жүйелейді. Қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасыларға медиативтік қолдау көрсетеді. Өз құзыреті шегінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастырады. Азаматтарға олардың қажеттіліктерін ескере отырып, сапалы ұсыну үшін консультациялық қызметтер тізбесін айқындайды. Өз құзыреті шегінде азаматтардың хаттарын, шағымдары мен өтініштерін белгіленген тәртіппен қарайды. Қажетті дұрыс есептілікті ұсынды қамтамасыз етеді. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі және санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (әлеуметтік, педагогикалық, экономикалық, заңгерлік) және әлеуметтік қорғау жүйесіндегі жұмыс өтілі кемінде 5 жыл немесе қызмет салаларындағы басшылық лауазымдарда кемінде 1 жыл.

Кәсіби құзыреті: коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметі саласындағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің білу.

Құжаттарды қабылдаудың аяқталу күні мен уақыты: 2025 жылғы 14 қаңтар, сағат 18.30-ға дейін.

Конкурстың өтетін күні мен орны: Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Құрық ауылы, Досан батыр көшесі, 4-ғимарат, 2-қабат, 1-кабинет, 2025 жылғы 16 қаңтар, сағат 09.00.

Конкурс Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы №1017 бұйрығымен бекітілген «Азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидалары» негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- 1) Қоса беріліп отырған құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке парақ (нақты тұрғылықты жерінің мекен-жайын және байланыс телефондарын көрсете отырып);
- 4) лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 6) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген);
- 7) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама.

Көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды конкурсқа қатысушыға қайтару үшін негіз болып табылады.

Конкурсқа қатысушы болған жағдайда оның біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру туралы құжаттардың көшірмелері, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсынады.

Қызмет бағыты
Әлеуметтік қорғау



Біздің ауылдың тұрғындары

Жаңа маршрут

Бір қазаннан ас ішіп, бір тілекпен ризашылық білдірді

Мұнайшыдан Ақтауға автобус қатынайтын болды

Қарақия ауданы, Мұнайшы ауылының тұрғындары енді Жетібайдың жеке автобусына жармаспайтын болды. Бүгіннен бастап өздерінің дербес маршруттары жолға шықты.

Өңір басшысы Нұрдаулет Құлыбайдың қолдауымен «Каспий» авто паркінен бөлінген су жаңа автобустың ел игілігіне берілу салтанатын бастаған Сымбат Төретәев тұрғындарды кезекті қуанышымен құттықтады. Айтуынша, бұл – ауыл тұрғындарының көптен күткен қуанышы екен. Жақында өңір басшысының қатысуымен өткен есептік жиында тұрғындар Мұнайшы ауылынан қалаға дербес, заманауи автобус жүргізуін сұраған. Міне, ел тілегі орындалды. Автобус Мұнайшы ауылынан ст. Жетібай және Ақтау қаласы аралығында күніне 3 рет қатынайды, билет бағасы 400 тт. Айта кетейік, күні кеше ғана осы Мұнайшы ауылының жастары Құрық порты маңында кеме күтіп ұзақ уақыт

далада жатқан мыңдаған жүк көлігінің жүргізушілеріне тегін түскі ас ұйымдастырып, сол жерде қазан асып, ыстық тамақ таратып, елдің ықыласына бөленген болатын. Жақсылық жасап жарысқан ауылдың жомарт тұрғындары енді өздері де жақсылыққа кенеліп, шынай ризашылықтарын білдірді.



Үйден қырық қадам алыстап шыққан жолаушы – мүсәпір, дейді, алыс жолдың азабын көп көрген дана халқымыз.

Жақында Қарақияда керемет бір игі істің куәсі болдық. Құрық портына барғанбыз. Порт айналасына жиналған, әр елден жүк әкеліп, кеме күтіп көп уақыт далада тұрып қалған мыңдаған фуралардың тізбегі айдаладағы қалашыққа ұқсайды.

Алайда, ол жердегі жүргізушілер де адам баласы ғой, оның үстіне өңірде орын алған ұшақ апатынан қаза тапқандар да сол далада тұрған жүргізушілердің отандастары екенін білеміз.

Осындай жағдай болып жатқанда елсіз, сусыз далада тұрған жандарға тегін түскі ас ұйымдастырған Мұнайшы ауылының жастарына ел риза болды. Олар мал сойып, сорпа қайнатып, ыстық тағам ұсыну арқылы қазақ елінің бауырмалдығын, ыстық ықыласын білдірді. Сондай-ақ ұшақтан қаза болғандар рухына Құран оқытып, көңіл айтты.

Бауырлас елдерден келген жүргізушілердің ықыласын айтып жеткізе алмапмын. «Өрине, мәселе – аста емес, адамгершілікте. Қиын кезде бірге болған қазақ халқының бұл жақсылығын, мұсылманшылығын, адамгершілігін ешқашан ұмытпаймыз» дейді олар. Айта кетейік, бұған дейін аудан

әкімдігі «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының көмегімен далалық дәретханалар орнатып, ауыз су, дәрі-дәрмек жеткізіп, қолжетімді бағада азық-түлік жәрмеңкесін ұйымдастырған болатын. Себебі ол жер – айдала, жақын жерде дүкен, асхана, дәретхана сияқты тұрмыстық қажеттіліктер жоқ.

Тағы бір айта кетер ерекше жайт – Түркия, Өзірбайжан, Өзбекстан, Грузия сияқты бауырлас елдерден келген ұлт өкілдерімен бірге бүгінде өзара соғысып жатқан Украина мен Ресей азаматтары да болды, олар да бір қазаннан ас ішіп, бір тілекпен ризашылық білдірді.

– Осындай игі шараға мұнайшылық бауырларымызмен бірге қатысып, өз қолымызбен ас құйып, қаралы жандарға (Өзірбайжан елінде қаралы күн еді) ақ ұсынғанға және өзіміздің қазақ екеніміз іштей риза болдым.

Жаман ұлт болмайды ғой, ешбір елде соғыс болмасын, адамзат баласы түрлі апаттан аман болсыншы!, – дейді қайырымдылыққа қатысушылар.

Мұнайшы ауылы тұрғындарының игі ісін Жетібай және Құрық ауылының тұрғындары жалғастырып, жолда қалған жолаушылардың ризашылығына ие болды.

“Қарақия” газетінің жүлдесін қарапайым оқырман ұтып алды

Жыл соңында “Маңғыстау-Медиаға” қарасты барлық газет оқырмандарына жарияланған жүлделердің жеңімпаздары анықталған болатын.

Аудандық «Қарақия» газетіне бір жылға жазылған оқырмандары ішінен ұтыс иегері болып танылып, «Rixos» демалыс орнына жолдама ұтып алған Жетібай ауылдық №4 мектептің кіші қызметкері Құндыз Сырымбетова ханымды шын жүректен құттықтаймыз!

Құндыз Сырымбетова – Қарақия ауданы, Жетібай ауылындағы №4 мектептің кіші қызметкері, ұл-қыздарымыз оқып жүрген ұлағатты орданың тазалығын ұқыптылықпен атқарып жүрген қарапайым еңбек адамы, аяулы ана. Осындай ардақты жанның ұтысқа ие болғанына газет оқырмандары да қуанады, деп ойлаймын, басқа оқырмандарымызға да жұғысты болсын!

Газетімізге тұрақты жазылып жүрген мыңдаған оқырманға, білім саласындағы ұстаздар мен тәрбиешілерге, мәдениет ошақтары мен барша қызметкерлерге алғысым шексіз, табысқа жете беріңіздер!


Білім саласында көш бастап, 101 адам «Қарақия» газетіне жазылған Құрық мектеп-гимназиясына, әр мектеп пен балабақша ұжымына ерекше алғыс!

Өрдайым газетімізді қолдап, ұжым болып түгел газетке жазылатын аудан, ауыл басшыларына, әкімдік аппараттарына, бөлім, мекемелерге, жеке тұрғындар мен ардагерлерге, баспасөз науқанында атсалысқан барлық жанға, мектеп

кітапханашыларына мың алғыс!

Сондай-ақ аудандағы Ардагерлер үйлеріне газетке жазылуға демеушілік көрсеткен «Ақсу» КМГ мекемесі – Орақ Аяпов мырзаға, әр аудан газетінен бір оқырманның «Rixos» демалыс үйіне жолдама ұтуына демеуші болған жандарға, осы ұсынысымызды қолдаған «Маңғыстау-Медиа» ЖШС директоры Гүлмира Әйткенқызына, әріптестеріме алғысым шексіз!

Газет қызметкері үшін отбасы, ет жақындарынан кейінгі маңызды мәселе – газет және оның оқырмандары ғой, қуанышымыз көп болсын!



Газет редакциясынан.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Ақ жол құрылыс» ЖШС Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысының, Мұнайлы ауданындағы «№3 топырақ қоры» кен орнына сазды жыныстар өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына «Қоршаған ортаға әсерді қорғау» бөлімімен қоғамдық тыңдау өткізеді.

Әсер ету аумағы: «№ 3 топырақ қоры» кен орны Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданының жерлерінде әкімшілік тұрғыда орналасқан және Құрық жақын елді мекенінен солтүстік-батысқа қарай 19,5 шақырым қашықтықта орналасқан.

Кен орны орталығының географиялық координаттары 43°11'52.97" солтүстік ендік 51°25'48.94" шығыс бойлық. Өткізілетін күні, уақыты және мекен-жайы, қоғамдық тыңдаулар: 28.02.2025 ж. сағат 15:00-де, мекен-жайы: Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Құрық ауылы, Мәдениет үйі.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар ZOOM интернет-платформасында (<https://zoom.us>) онлайн режимінде өткізіледі.

Конференцияға қосылу Zoom <https://us05web.zoom.us/j/82638239836?pwd=mKQMCZlWjlbku8d2hV8PWd0mlaHNM.1> Конференция идентификаторы: 826 3823 9836. Кіру коды: 4р6D5f

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен сайтта танысуға болады <https://ecportal.kz/Public/PubHearings/PublicHearingIndex>.

Қосымша ақпарат пен құжаттардың көшірмелерін электрондық пошта арқылы алуға болады tokshayev@mail.ru және телефон +7 778 462 6660.

Ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда «Жарияланған тыңдаулар» айдарында қабылданады.

Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік органның атауы: Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы. Мекен-жайы: Ақтау қаласы, 14-шы/а, 1-ғимарат. Тел.: 8(7292)43-10-88 Эл. пошта: g.tulembet@mangystau.gov.kz

Тапсырыс беруші: «Ақ жол құрылыс» ЖШС, БИН 200840002650, тел: +7 778 000 0360 Қазақстан, Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық ауылы, Ардагерлер көшесі, 16 үй..

Құжаттаманы әзірлеушінің атауы және байланыс деректері: «ЭКО Project» ЖШС, БСН: 200840002650, тел: +7 778 462 6660

Занды мекен-жайы: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 17-шағын аудан, № 7-үй, 308-пәтер, пошта индексі 130000. Тел. +7 778 462 6660. Мемлекеттік Лицензия 01733Р 19.02.2015 ж. қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге.

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ТОО «Ақ жол құрылыс» проводит общественные слушания к Плану для проведения операций по добыче глинистых пород на месторождения «Грунтовой резерв №3» в Мунайлинском районе Мангистауской области с разделом «Охрана окружающей среды».

Территория воздействия: Месторождение глинистых пород «Грунтовой резерв №3» расположено в административном отношении на землях Мунайлинского района Мангистауской области и удалено от ближайшего населенного пункта с.Курык на расстояние 19,5 км на северо-запад.

Географические координаты центра месторождения 43°11'52.97" северной широты; 51°25'48.94" восточной долготы.

Дата, время и адрес проведения общественных слушания: 28.02.2025 г. в 15:00 часов, по адресу: Мангистауская область, Каракинский район., с.Курык, Дом культуры.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн режиме на интернет-платформе ZOOM. Подключиться к конференции Zoom Подключиться к конференции Zoom <https://us05web.zoom.us/j/82638239836?pwd=mKQMCZlWjlbku8d2hV8PWd0mlaHNM.1> Идентификатор конференции: 826 3823 9836. Код доступа: 4р6D5f

Ознакомиться с материалами, выносимыми на общественные слушания можно на сайте <https://ecportal.kz/Public/PubHearings/PublicHearingIndex>, а также на официальном интернет-ресурсе МИО - <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=ru>.

Дополнительную информацию и копии документов можно получить по электронной почте tokshayev@mail.ru и телефону +7 778 462 6660.

Замечания и предложения принимаются на Едином экологическом портале в рубрике «Опубликованные слушания».

Государственный орган по проведению экспертизы: управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области.

Адрес: город Ақтау, 14 микрорайон, здание областного акимата, телефон: 8 (7292) 43-10-88. Эл. почта: g.tulembet@mangystau.gov.kz

Заказчик проекта: ТОО «Ақ жол құрылыс», БИН 030940002856, тел. +7 778 000 0360 Казахстан, Мангистауская область, Түпқарағанский район, село Таушык, улица Ардагерлер, дом 16,

Наименование и контактные данные разработчика документации: ТОО «ЭКО Project», БИН: 200840002650, тел: +7 778 462 6660.

Юридический адрес: Казахстан, Мангистауская область, город Ақтау, 17 микрорайон, дом № 7, кв. 308, тел. +7 778 462 6660. Государственная Лицензия 01733Р от 19.02.2015г. на выполнение работ и оказание услуг в области охраны окружающей среды.

<p>Меншік иесі:</p> <p>MAŃGYSTAŪ MEDIA</p> <p>Директор – Гүлмира ӘБИШЕВА</p> <p>Қабылдау бөлімі, тел.факс: 20-48-34 mangystau.media@mail.ru</p>	<p>Қарақия</p> <p>АУДАНЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ</p> <p>Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 6.02.2013 ж. есепке қойылып, №13357-Г куәлігі берілген.</p> <p>Редактор – Ш.КЕНДІН</p> <p>Тілшілер: – Гулия БӨЛЕКБАЕВА, Нұртас ХАНГЕЛДІ.</p>	<p>Газет «Маңғыстау-Медиа» ЖШС ақпарат және дизайн орталығында беттелді.</p> <p>Беттеуші дизайнер - Ш.Аязбаева</p> <p>«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. 060005.</p> <p>Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А.</p> <p>Тел.8 7122 458-660, 586-392.</p> <p>Тапсырыс: 0010</p>	<ul style="list-style-type: none">Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.Жарияланған материалдарды сілтеме-сіз көшіріп басуға болмайды.Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.Тақырыптық суреттер галамтордан алынады. <p>Таралымы: 1460. Индекс: 65681. газеттің бағасы келісімді.</p>	<p>АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ</p> <p>10 ҚАҢТАР түнде: -16 күндіз: -10</p> <p>11 ҚАҢТАР түнде: -17 күндіз: -10</p> <p>12 ҚАҢТАР түнде: -15 күндіз: -8</p> <p>13 ҚАҢТАР түнде: -14 күндіз: -7</p> <p>14 ҚАҢТАР түнде: -14 күндіз: -8</p>
---	---	---	--	---

